

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЛИНГВОСЕМИОТИКАСЫ

**Карибаева А.У.**

*ф.ғ.к., доцент, РАМның корр.мүшесі, профессор  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,*

**Жунисова М.**

*ф.ғ.к., доцент Абай атындағы Қазақ  
ұлттық педагогикалық университеті*

**Қобланова А.Ж.**

*ф.ғ.к., доцент Абай атындағы Қазақ  
ұлттық педагогикалық университеті  
Қазақстан*

**Аннотация:** В этой статье рассматриваются вопросы о том, что объекта науки лингвосемиотики – это система знаки. А также рассматриваются вопросы о происхождения знаки древних тюркских племен и народностей. В изучении определяются происхождении и истории знаков ,символов тюркских племен и казахских народных родовых знаков и они обогащают уровень науки в лингвосемиотике.

**Ключевые слова:** Лингвосемиотика, семиотика, знак, система лингво-семиотики, тюркские знаки, родовые племена, родовые знаки, этнический состав, этнические история народа.

**Түйіндеме:** Бұл мақаладалингвосемиотика ғылымының қарастыратын нысаны - таңбалар жүйесі. Ежелгі түркі тайпаларының рулық- таңбаларының келіп шығу тарихы қарастырылады. Түркі тайпалары мен қазақ халқының рулық - таңбаларының тарихынзерттеу барысында таңбалардың шығу тарихы айқындалады.

**Кілт сөздер:** Лингвосемиотика, семиотика,таңба, таңбалар жүйесі, түркі таңбалары,белгі,қазақ ру-тайпалары,рулық таңбалар, этникалық құрам, халықтың этникалық тарихы

Лингвосемиотика ғылымы негізінен таңбалар арқылы тілдің таңбалық жүйесін зерттейтін ғылым саласы. Сондықтан ол тілдің тарихымен, оның ішінде жазу тарихымен байланысты қызмет атқарады. Мәселен, тіл тарихының маманы Алтай Аманжолов өзінің «Түркі филологиясы және жазу тарихы» еңбегінде көне жазба ескерткіштеріне назар аудара отырып, түркі халықтарының ежелгі жазба мұраларынан жазудың тарихын, көне жазба таңбаларын зерттейді [1]. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан археологиялық экспедиция кезіндегі қазбалардан табылған көптеген материалдардың ішінде жинақтаған таңбалы жазулар арқылы өзінің «Тамғалы тас» жазуы» атты ғылыми мақаласын 1984жылы

«Жұлдыз» журналында жариялады[2]. Тіл тарихының мамандары Ғ.Айдаров пен М.Томанов 1971 жылы «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» еңбегінде, қазақ тілінің тарихына байланысты, көне түркі таңбалары мен қатар көне жазбаларды саралап көрсеткен [3].

Ал, семиотика 20 ғасырдың 20-30 жылдарында қалыптасқан жас ғылым саласы болғанымен әр түрлі материалдық белгілерді хабаршы таңба ретінде қолдануды, қарастырған. Сондай-ақ, атқаратын қызметі жағынан алғанда сөйлеу тілінде де жалпы таңбаларға тән сипаттардың барлығын, оны жалпы таңбалар тобында қараудың керектігін ежелгі заман ойшылдарының өздері де айтқан. Мәселен, Аристотель «ауызекі айтылған сөздер - ойдағы түсініктің символы, ал жазу – сөздің символы» - деген болатын. Кейінгі заманда өмір сүрген философтар тіл – таңбалар жүйесі деп есептеген. Тілде таңбалық сипаттың барлығын 19 ғасырдағы көрнекті тіл ғалымдары Ф.Бопп пен В.Гумбольдт та айтқан еді. Мұндай жағдайларда бір нәрсе жайында басқаларға хабар беру үшін, сол хабардың шартты көрсеткіші ретінде әр түрлі материалдық белгілерді қолданған. Ондай шартты белгілер, орыс тілінде «знак», қазақ тілінде «таңба» деп аталады. Солай етіп, 20 ғасырдың 30 жылдарынан бастап, таңбаларды зерттейтін «семиотика» деп аталатын дербес ғылым қалыптасты.

Қазіргі тілшілердің басым көпшілігі табиғи тілді таңбалық жүйелердің ерекше түріне жатқызады. Әлі күнге дейін тілшілер арасында табиғи тілді табиғи жүйе деп тануға қарсылық білдірушілер де бар. Мәселен, қарақалпақ ғалымы М.К.Айымбетов «Қарақалпақ тіл білімінде белгіні «таңба» деп атайды. Дегенмен, белгінің «таңба» деп аталуы шындыққа дұрыс келмейді, - дейді[4].

Оның негізгі себебі, «белгі» немесе «белгілер жүйесі» өте құрамалы процесс. Ал «таңба» деп аталушы атау мұндай құрамалы нысандар мен процестерді еш уақытта алмастыра алмайды. Сондықтан, семиотика тұрғысынан қарағанда, «тілдік таңба» таңбалардың жалпы теориясы

тұрғысынан да ажыратылады. Жалпы теория тұрғысынан алғанда таңба қандай да бір ақпаратты тасымалдаушы сигнал. Сигнал ретінде кез келген зат не құбылыс танылады. Таңба әрбір уақытта өзінен ерекшеленетін, өзі таңбалайтын затты, әрекетті, қатынасты көрсетеді [5].

Түркі халықтарының этникалық тарихи дамуы кезеңінде, қазақ ру-тайпалары өздерінің таңбаларымен және ұрандарымен ерекшеленеді. Сондықтан, тайпалық және рулық таңбаларды зерделемей тұрып, қазақ халқының қалыптасуының этникалық тарихын, айқындау мүмкін емес.

Түркі тайпалары мен халықтарының этникалық құрамын зерттеген ғалымдардың ішінде Н.А.Аристовтың, Қырғыз – қайсақ даласы мен ордасының көрінісін зерттеген А.И.Левшиннің, Түркі тілдерінің сөздігін жасаған М.Қашқаридың еңбектерін оқымай тұрып, тұжырымды пікір айтудың өзі қиын. Себебі, рулық- тайпалық таңбалардың шығуы туралы әртүрлі көзқарастар мен пікірлер болды. Мәселен, түрколог ғалым В.В.Радлов өзінің ел аузынан жазып алған материалында: « таңбаны Оғызханның баласы және мұрагері Күнхан таратып берген» - деген пікірді айтады [6].

Ал, А.Левшиннің пікірінше: «қырғыздар (қазақтар) таңбалар мен белгілерді монғолдардан алып, Орта Азия ғана емес, Үндістанға дейін таратқан» - дейді [7]. Орыс ғалымы И.Казанцевтің пікірінше «таңбалар мен ұрандарды қырғыздарға яғни қазақтарға Шыңғысхан таратқан»- дейді [8]. Біз жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлеріне толық қосылмаймыз.

Өйткені, Н.А.Аристовтың «Күлтегін» (732ж.) жазуындағы түркі тайпалары хандарының таңбалары бейнеленгендігін және ондай таңбалардың Орхон өзені бойынан табылған тас плиталардан кездесетінін айқын дәлелдеді [9]. Ол «мал баққан елдің, халықтың өмірінің тарихи жемісі болып табылады» - дейді. Ғалымның пікірінше таңба - рулық меншік белгісі. Өйткені, малға таңба салынады, оны қазақ халқы «ен» деп

атайды. Ал рулық «белгі» - бұл рулық таңба болып есептеледі. Таңбаның «белгі» деген синонимі де бар.

Түркілердің рулық – тайпалық таңбаларының тарихи бастаулары Орхон – Енисей жазуларындағы 38 әріптік таңбаның жиырма тоғызы қазақ рулары пайдаланған рулық-тайпалық таңбаларға ұқсас,- дейді Алтай түркілерінің ежелгі тарихын зерттеп жүрген Мұрат Аджи [10]. Ол + қосынды таңбасының белгісі туралы былай дейді: «тәңірге табыну кезеңінен бастау алады». Яғни б.з.д. IV-III ғасырлардан б.з.д. VII ғасырға дейін алтайлық түркілер арасында таралған, оны Еуропаға ғұндар апарғанын баяндайды. Бұл белгілер көк түріктердің руна жазуларында да кездеседі. Бірақ, Көне түркі дәуіріндегі тайпалардың аттары өзгеше болып келеді. Мысалы, дулу –дулат, татабы-табын, т.б.

Ал, М.Қашқарийдың «Диуани лұғат- ат - түрік » еңбегінде: бешенек, қыпшақ, оғыз, башғырт, басмыл, татар, шігіл, тохсы, йағма, ұйғыр, таңғұт, хытай, табғаш тайпалары картада сызып көрсетілген[11]. Бұлардың ішінде қыпшақ, башғұрт, татар, ұйғыр тайпалары кейінгі дәуірде де өз атауларын өзгертпей сақтап қалған. Ал, Махмуд Қашқарий түркі тайпаларының ішінде өзі жақсы білетін оғұз тайпасындағы 22 рулық таңбасын нақты көрсеткен.

Оғұз тайпасы	таңбасы	Қазақ тайпасы	таңбасы
Қынық		Садыр, матай	
Қайық		Қаңлы, ысты, тілік	
Байүндүр		Қоңырат, сарыүйсін, керей, балталы	
Салғұр		Адай, алшын	
Авшар		Есентемір	
Бектілі		Шөмекей	
Йазғыр		Алтын, төртқара	
Ігдір		Таз, жаппас	
Тұтыртқы		Шөмекей, Беріш, найман	

Мәселен, оғұздардың қынық тайпасының рулық тайпасынан, қазақтың садыр, матай руларының ұқсастықтарын байқасақ, қайықтардан – қаңлыларға, ыстыларға, тіліктерге ұқсастықтарын, байұндүрден – қоңыраттарға, сарыүйсіндерге, керейлерге, балталыларға, т.б. рулық – таңба жақындығын байқаймыз.

Осындай деректерден кейін жылқыларға таңбалар салу тәртібін зерттеген Қазақстандық шығыстанушы ғалым Ю.А.Зуевтің мына бір пікірлеріне сүйенсек, ол Махмуд Қашқарийдың және Рашид ад-Диннің кезіндегі рулық таңбаларды, кейінгі кезеңдегі түркі және монғол тайпаларының таңбаларымен салыстыра қарағанын көреміз. Осы пікірінде ғалым бұл таңбаларды зерттеп – зерделеу Орта Азия халықтарының этногенезін зерттеуге аса құнды материалдар бере алады,- деп жазған еді[12].

Сондай-ақ қазақ ғалымы С.Аманжоловтың пікірінше қазақ халқы көптеген негізгі тайпалардан құралған. Мәселен, оларды атап айтар болсақ: қыпшақ, қоңырат, қаңлы, алшын, найман, ошақты, шеркеш, есентемір, жағалбайлы, бағаналы, бекболат, шапырашты, сіргелі, шөмекей, жалайыр, тарақты, шанышқылы, дулат, арғын, балталы, уақ, қаракерей, сарыүйсін, адай, матай, қаракесек, керей т.б. Бұл ортағасыр деректерінде көрсетілген қазақтың негізін құраған тайпалар екендігі айқындалады. Мәселен, XV – XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақтағы қазақ тайпаларының атауларымен өзге түркі тайпаларының атауларын этникалық тұрғыдан салыстыру – бұл іргелі тайпаларды айқындауға мүмкіндік береді. Мысалы, башқұрт және қазақ табындары таңбаларындағы ортақ ұқсастықтар, орыс ғалымдары Р.Г. Кузеев пен Н.Гродековтың [13] және қазақ ғалымы С.Аманжоловтың еңбектерінде берілген қазақ табындары сияқты дөңгелектермен оған жапсырылған әліп таңбасынан байқаймыз. Мысалы,

О - тостаған, О-- - шөміш. Қазақтың белгілі этнограф ғалымдары М.Мұқанов пен В.Востров табынның рулық таңбасына байланысты мынадай тұжырымдар айтқан[14]. Табындардың таңба белгілері әртүрлі болып келеді. Жалпы ру таңбасы О тостаған. Сонымен бірге табындарда О-- шөміш, шөмішті табын тармағында кездеседі. Ал, О, Ш тарақ, тарақты – табын тармағында кездесе, басқа табындарда І - әліп таңбалары бар. Бұл таңбалар Табын шежіресінде де кездеседі. Рулардың таңба белгісін салыстыру Ұлы жүздегі дулаттарға әкеледі. Оларда да жалпы тайпалық белгі дәл осындай көрінеді. Мәселен, О және О-- белгілері дулаттардың кейбір руларының таңбаларынан, яғни албан тайпасының таңбасынан еш айырмасы жоқ. Өйткені, Табын руын ұлы жүзден шыққан деп жорамалдауға болады, - дейді Х.Арғынбаев[14]. Бұл жорамалға дәлел ретінде табын руындағы «бозым»дейтін ру бар. Сондай-ақ, албан тайпасында да «бозым»руы бар екенін байқаймыз. Сондықтан, таңбаларды салыстыра қарастырғанымызда, І (көсеу) таңбасы «қаңлы»тайпасының таңбасына, Ш (тарақ) таңбасы Ұлы жүздегі «жалайыр»тайпасының таңбасына ұқсайды. Өйткені, Ш тарақ таңбасының «жалайыр» тайпасынан шыққандығын «Табын» шежіресінде де көрсетіледі.

Табындардың негізгі таңбасы О тостаған башқұрттардың негізгі табындарында кездесетіндігі туралы Н.И.Гродековта айтқан болатын. Ол арғы ата-баба тарихын зерттегенімізде, қазіргі шежірелерде де көрсетіледі. Егер табындардың негізгі таңбасы «тостаған» болса, оған тағы бір кесіндінің қосылуы, олардың дулат- албан бірлестіктеріне қосылғанын көрсетеді. Ал «шөміш» сабына кішкене сызықтың жалғануы, табынның Дулат-албан одағынан шығып, басқа одаққа кіргенін көрсетеді. Бұдан біз көне түркі дәуіріндегі Алтай-Саян тауларынан шыққан «дулу», «татабы» тайпаларының «дулат» пен «табын» екенін анықтадық. Өйткені, тарихта

бұл тайпалардың Жетісу жеріне келуі және Қазақстан жері арқылы Батысқа қарай жөнкі көшкені туралы деректі мәліметтер бар.

Тарихи таңбалардың тарихымыз үшін, құндылығын айқындау, жазба деректерге көз жүгіртіп, ондағы тарихи құбылыстарды нақты анықтау кезеңінде байқалады. Мәселен, монғол шапқыншылығы кезеңінде Ұлы жүз тайпаларының кейбір руларының батысқа жылжып, «табындарға қосылып, олардың ру атын қабылдап, оларға өз таңбаларын берген» , - деген ғылыми тұжырымдар дұрыс сияқты. Өйткені, Қазыбек Тауасарұлы өзінің [15] еңбегінде: біздің «асылдар» Батыста табын, тама руларына қосылып, «табын» аталып кеткен дейді. Сондай-ақ, Табын шежіресінде, Нәдір ата ұрпақтарын былай таратады: Шөмішті Табыннан Бозым, Бозымнан Асан, Асаннан Қайырқожа (Қаражон)... осы негізгі рулардың жиынтығы Үш Қаражон баласы аталады. «Алтын Орда» мемлекеті құлағаннан кейін, Батыста Доңызтауда ту тіккен Үш Табын руының басын қосып, «Табын мемлекеті» құрылған.

Таңбаларға назар аударар болсақ, I - әліп немесе шылбыр аталатын рулық таңбалардың «қаңлы» тайпасында, башқұрттың қалсер-табын, дубан- табын атты руларында кездеседі. Ал, Ш тарақ таңбаларының қазақтың жалайыр тайпасына тән екендігін байқадық. Бұл таңбалар «Табын» шежіресінде : тарақты, шөмішті, бозым болып, әрі қарай табындардың шығу тегі басталады.

Ойымызды түйіндей келіп, түркі тайпалары мен қазақ ру-тайпаларының ежелгі тарихын зерттеу, ең алдымен олардың таңбалық белгілерін зерттеу болып табылады. Бұл өз кезегінде, болашақ ұрпақтың өз тегін білуге мүмкіндік туғызады. Бұдан шығатын қорытынды нәтижесінде, халықта таза ұрпақ пайда болады. Сонымен қатар, таңбалардың тарихи зерттелуі негізінде «лингвосемиотика» ғылымының дамуына үлкен үлес қосылып, игі ықпалын тигізері анық. Осы лингвосемиотикалық ғылыми зерттеудің нәтижесі арқылы халықтың

санасына таңбалар туралы ұғымды сіндіруімізге болады. Бұл өз кезегінде халықтың ұлттық жаңғыруына өз ықпалын тигізері сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аманжолов А. «Түркі филологиясы және жазу тарихы» -Алматы,-1997.
2. Марғұлан Ә. «Тамғалы тас» жазуы»// «Жұлдыз»журналы,-Алматы,1984, №1.
3. Айдаров Ғ.,Томанов М. «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» - Алматы: Мектеп, -1986,-180.
4. Айымбетов М.Қ. Лингвосемиотика.- Нөкис,-2014.
5. Қарибаева А.У., Турғанбаева П. Лингвосемиотика.-Тараз,-2023.
6. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. –СПб,-1905.-.173.
7. Левшин А.И. Описание киргиз- кайсацких орд и степей.-Алматы «Санат», -1996, -С.513.
8. Казанцев И Описание киргиз-кайсак. –СПб., -1867, -С.213.
9. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // живая старина.Вып.ІІІ- -ІУ,- СПб,1896, -С.413.
- 10.Аджи М.Европа, тюрки,Великая степь.-М.,2004.-С.81.
- 11.Қашқарий М. Түрік тілінің сөздігі.- Алматы,-1998, -85-87 бб.
- 12.Рашид ад –Дин. Сборник летописей. – М.-Л., -1952. – С. 86-90.т І.кн.1.
- 13.Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. С.466. ; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области.- Ташкент,1889,т.І. –С.4.
- 14.Арғынбаев Х.,Мұқанов М., Востров В.Қазақ шежіресі хақында –Алматы: Атамұра-2000, 386-387.
- 15.Тауасарұлы Қ.Түп- тұқианнан өзіме шейін.-Алматы,- 1993.-414б.